


# International Scientific and Practical Conference

## **WORLD Science**



### MODERN METHODOLOGY OF SCIENCE AND EDUCATION

Special Edition



May 20-21, 2015  
DUBAI, UAE

**CONTENTS**

**PEDAGOGY**

<b>Айтымбетов М. З.</b> Оқытушылық мамандығы және оның негізгі өзгешеліктері.....	4
<b>Аметов Т. А.</b> Нукуссий государственнь педагогический институт имени Ажинияза, Республика Каракалпакстан.....	7
<b>Бекбергенова М. Д.</b> Модификации жанровой системы каракалпакской прозы XX века.....	11
<b>Кайпназарова М. К.</b> Каракалпак тілі солтүстік диалектілеріндегі диканшылық және аңшылыққа байланысты атамалардың колданылу ерекшеліктері.....	15
<b>Кандахаров А. Х.</b> Кризис государства Тимуридов и причины прихода к власти шейбанидов в Центральной Азии.....	19
<b>Пирниязова А. К.</b> К вопросу о сравнительном исследовании фразеологизмов узбекского, казахского и каракалпакского языков.....	23

**PHILOSOPHY AND PHILOLOGY**

<b>Kussainova V. M., Yekibayeva N. A.</b> Challenges to prevent cross-language interference.....	30
--	----

Copies may be made only from legally acquired originals. A single copy of one article per issue may be downloaded for personal use (non-commercial research or private study). Downloading or printing multiple copies is not permitted. Permission of the Publisher and payment of a fee is required for all other photocopying. Electronic Storage or Usage Permission of the Publisher is required to store or use electronically any material contained in this work, including any chapter or part of a chapter. Permission of the Publisher is required for all other derivative works, including compilations and translations. Except as outlined above, no part of this work may be reproduced, stored in a retrieval system or transmitted in any form or by any means without prior written permission of the Publisher.

Proceedings of the International Scientific and Practical Conference "Modern Methodology of Science and Education, Special Edition (May 20-21, 2015, Dubai, UAE)". - Dubai: Rost Publishing, 2015. - 35 p.

**ISBN 978-966-316-375-8**

The international research and practice conference WORLD Science is created on purpose to give to the scientific association of countries of the CIS and Europe opened, independent area for an exchange scientific experience, assistances in publications. Not only scientists could publish their works, also graduate students, undergraduate and just students.

The conference organizer is ROST (United Arab Emirates, Ajman), with the support of universities worldwide branches in the special education area "Knowledge Village".

Publishing main office ROST - Ajman - United Arab Emirates 2015  
Amberjem Tower E1, SM-Office-E1-1813F  
Tel.+971 56 498 67 38

**ISBN 978-966-316-375-8**

© Group of authors, 2015  
© ROST, 2015

## ЛИТЕРАТУРА

1. Бахадырова С. Фольклор и каракалпакская проза. Нукус. Каракалпакстан. 1984.
2. Максетов К. Каракалпак халкынын коркем ауызеки доретпелери. Нокис. Билим. 1996.
3. Нарымбетов Ж. Каракалпакский роман. Становление и развитие. Ташкент. Фан. 1974.
4. Насруллаева З.А. Проблема типа и характера в современной каракалпакской прозе. Нукус. Каракалпакстан. 1982.
5. Нуржанов П. Хазирги каракалпак романы. (Сюжет хам конфликт). Нокис. Билим. 2009.
6. Османова З.Г. Встречи и преобразования. Поэтика повествовательных жанров в контексте взаимосвязей национальных литератур. Москва. Наследие. 1993.
7. Пахратдинов А. Алламбергенов К. Бекбергенова М. XX асир каракалпак адебияты тарийхы. Нокис. Каракалпакстан. 2011.
8. Пахратдинов А. Алламбергенов К. Бекбергенова М. Бозатау хам тарийхий шынлык. Нокис. НМПИ. 2014.

**Кайпназарова М. К.**

*НМПИ улкен ғыллы-хызметкер изденуші*

### **ҚАРАҚАЛПАҚ ТІЛІ СОЛТҮСТІК ДИАЛЕКТІЛЕРІНДЕГІ ДИҚАНШЫЛЫҚ ЖӘНЕ АҢШЫЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ АТАМАЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛИКТЕРІ**

Әдеби тіл барлық уақытта жергілікті халықтың жанды тіліне нұсқаушы ретінде қызмет етеді. Халықтың сөйлеу тілінен әдеби тілге кірген кейбір терминдерді ғылыми жақтан сынап, қатаң қадағалайды.

Қарақалпак әдеби тілі халықтың жанды сөйлеу тілі есебінен байып баруы заңды құбылыс. Дегенмен мына жағдайға да көңіл бөлу керек. Әдеби тілге сөйлеу тіліндегі қалаған сөз кірмейді, ал сыналған, тәжірибеде өзін ақтаған сөздер, терминдер орын алады.

Сөйлесімдерді үйрену-халық тарихы, этникасы, мәдени тұрмысты сәулелендіруші маңызды материалдармен танысу, жазба деректерге көңіл бөлу және сол арқылы өміріміздің негізін аңдау, оған байланысты тарихи жағдайларды, деректерді білу үшін де қажет деп

ойлаймыз. Әсіресе, халықтың сөйлеу тіліндегі кейбір ерекшеліктерді дәстүрлер, әдет-ғұрыптар арқылы анықтау мүмкіншілігі бар, себебі, жанды халық тіліндегі сөйлесімдік ерекшеліктер әдеби тілдің жазба естеліктерінен біршама көне дерек болып табылатындығы ғылыми-зерттеулер нәтижесінде анықталғандығы мәлім.

Дәлірек айтқанда, әрбір тілдің үйренілу дәрежесі, оның ішкі заңдылықтарын білу, тілдегі сөйлесімдерді анықтау, оларда сақталып келе жатқан байлықтарды үйрену – сөйлесімдер мен әдеби тіл арасындағы байланыстарды салыстыруға да тікелей жәрдемін тигізеді.

Сондай-ақ, диалектілер, сөйлесімдерде өздеріне тән лексикалық топтар да бар, олар сол жергілікті ерекшеліктер өкілдерінен мәдени тұрмыс жағдайлары, сөйлесім жайласқан аймақтың экономикалық дамуымен де байланысты деп айта аламыз.

*Мәселен, әдеби тілде бар болған сөзіміздің әр сөйлесімдерде басқаша мағынада яки болмаса олардың әдеби тілде қолданылмайтындығын да көреміз. Бұл бойынша Р.И.Аванесов «ұлт тілі құрамындағы әр диалект бір-біріне және әдеби тілге қарама-қарсы құбылыс, қарама-қарсысылықсыз диалект болмайды»<sup>1</sup> деп түсіндіреді. Мұны біз тіліміздегі солтүстік және оңтүстік диалекттері мысалында байқауымызға болады. Мысалы, солтүстік диалектіде-шырпы, құйбла диалектіде-күкірт.*

*Осы жағдайларды есепке ала отырып, біз бұл мақаламызда қарақалпақ тілі диалектілеріндегі диқаншылық кәсібіне байланысты өзгешеліктерді айтып өтпекшіміз.*

Диқаншылық кәсібі ата-бабаларымыздың ертеден шұғылданып келе жатқан кәсібі болып есептеледі. Қарақалпақ тілі солтүстік диалекті аймақтарында әсіресе Кегейлі, Шоманай, Хожелі райондарында халық ерте уақыттардан бастап диқаншылықпен шұғылданып, негізінен мақташылық үлкен жолға қойылған. Егіншілікте көбіне жүгері еккен, себебі, одан түрлі тағамдар жасалған және ол бидайға қарағанда біршама арзанға түскен. Осы салаға байланысты атамалар, олардың қолданылуы да өзіне сай сипатта болған.

Әрқандай егіннің өзіне жараса егілу тәсілі, оны тәрбиелеу және азық етіп даярлау үшін әр түрлі құрал-жабдықтар қолданылған. Біз олардың кей бірінің атауларын түсіндіріп, ал кейбірін басқа сөйлесімдердегі сыңарларымен салыстырып өтеміз.

**Жарғыншак**- қол диірменнің тасынан жеңіл болған дән ұнтақтаушы зат.

<sup>1</sup> Аванесов Р.И. Очерки русской диалектологии. Част первая, М. 1949

**Қамыт**-арбаға ат қосатын жерге қойылатын зат.

**Күшен**-қамыттың астына қойылатын төсек.

**Үштеу** -әр түрлі өсімдіктің қалыңдау болып өскендерін сиректетуді айтады. Бұл сөз Хожелі сөйлесімінде *бірлеу* деп айтылады.

**Шырпу**-мақташылықта қолданылып, чеканкалау деген мағынада қолданылады.

З.Ибрагимова Қарақалпақстандағы өзбек сөйлесімдерінің диқаншылыққа байланысты зерттеуінде Қоңырат, Шоманай, Қандыкөл сөйлесімдерінде бұл сөзді *шымту* деп қолданылатынын айтады.<sup>1</sup>

**Тап** - бұл сөйлесімде колмен егілген жерді білдіріп, екі мағынаны білдіреді:

1. Жердің егуге даяр болған уақты: Жерлер тапқа келіпті ғой енді ексек болады, меніңше.

2. Есек қос болып жыртылған жер.

Хожелі сөйлесімінде бұл сөз *жал, жоя* деп айтылады. Мысалы, мен он жал отап шықтым.

**Жал** - селкімен егілген жердің аралары.

**Шарық** - мақта шігіттейтін құрал.

**Мәкі** - мақтадан иіріп бөз тоқығанда қолданылатын құрал. Формасы кішкене, материалы жиде немесе ерік ағашынан болып, жылтыр қылып жонылады.

**Аяқ салма** - атыздарға су ашатын салма

**Паяпыл** - кішкене салма.

**Найман жүгері** - орта бойлы шашыраңқы, тік бас жүгерінің түрі, ал бұл сөзді Қоңырат, Мойнақ және Тақтакөпір сөйлесімдерінде *жасмық* деп атайды.<sup>2</sup>

**Гүлше** – Кегейлі сөйлесімінде кішілеу мақта атызын осылай атайды. Әдеби тілде күлге пісірілген нанның кішкене түрі.

**Ылдый** –дарияның яки судың биіктен ойға түскен жері. Бұл сөз Қандыкөл сөйлесімінде де қолданылады.

**Әндамлы**-әд.т. жұмсақ. Көпшілік жағдайларда терекке байланысты айтылады. Бос иілгіш тал терек. Кегей талы әндамлы болып, одан үй-ішіне тиісті заттар жасалады.

Демек, сөйлесімдегі қолданылған диқаншылыққа байланысты сөздерге көңіл бөліп қарасақ, олардың күнделікті тұрмысымен байланысты екенін көруге болады.

**Аңшылыққа байланысты қолданылатын ерекшеліктер**

<sup>1</sup> Ибрагимова З. Қорақалпоғистон ўзбек шевалари кишлок хўжалиги лексикасининг лингвогеографик тадкиди. канд.дисс.автореферати. Т.2009

<sup>2</sup> Доспанов О.Д.Қарақалпақ аймақлық лексикографиясы. Н.2008 43-б.

Аң аулау ата-бабаларымыз тұрмысында маңызды және күрделі кәсіптердің бірі. Олар аң аулау арқылы күн көрген.

Ертеде табиғаттын мол қазынасы болған құстар, аңдар өте көп болған. Қазір олардың біреулері бар болса, басқалары әлдеқашан жок болып кеткен.

Аншылықта анды ұстау үшін көптеген құрал-саймандар жасаған. Олардың түрлері өте көп, әр бірі әр жағдайда қолданылған. Біреулері аңның аяғын ұстауға арналса, кейбірі мойнынан ұстауға қолайластырылып жасалған. Осыған байланысты атаулардың да түрлері келіп шыққан.

**Аяқтұзақ** - аңдардың аяғынан ұстауда пайдаланылады.

**Селпетұзақ** - жіңішке жіптен жасалады. Бұл құрал анды аулауда қолданылып, оның бір ұшы қақпанға, екінші ұшы қасындағы жыңғыл немесе тораңғылға байланады. Аң қақпанға түскен уақытта жыңғыл не тораңғылдағы жіп селпілдеп, белгі береді. Сондықтан оны селпетұзақ деп атаған.

**Мойынтұзақ** - аңның мойнынан ұстау үшін қызмет етеді. Аттың құйрық жалынан жасалады.

**Шанышқы** - бұл құралдың түрі көпшілік жағдайларда жатақта, қалың жерде және аттың үстінде аң аулауда қолданылады.

**Қақпан** - анды ұстау уақытында жерге қойылатын құрал.

**Аткөнек** - қора мағынасында қолданылады. Балдар арбаны аткөнектің қасына алып келің.

Солдай етіп қарақалпақ тілі солтүстік диалектілеріндегі сөйлесімдерде қолданылған диканшылық және аңшылыққа байланысты атаулар сол жердегі халықтың күнделікті тұрмысы, жасау жағдайымен байланысты екендігін көруге болады.

Аталған атаулардың басқа сөйлесімдердегі сынарларымен салыстырып қарағанымызда оның аталуы басқаша, бірақ білдіретін мағынасы бірдей екендігін байқадық.

Демек, қарақалпақ тілі лексикасының сөз құрамындағы сөздерді әлі де тереңірек үрену арқылы тіліміздегі жаңа атамалардың бар екендігін көрсете алады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ибрагимова З. Қарақалпақстан ұзбек шевалари кишлок хўжалиги лексикасининг лингвогеографик тадкиди. канд.дисс.автореферати. Т.2009
2. Доспанов О.Д.Қарақалпақ аймақлык лексикографиясы. Н.2008 43-б.